

## ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ: ЖОҒАРЫ БІЛІМГЕ ҚАДАМ

**М. Зәмірбекқызы\*, Ж.М. Бұлақбай**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан  
e-mail\*: [zamirbekkyzy\\_m@cpi.nis.edu.kz](mailto:zamirbekkyzy_m@cpi.nis.edu.kz), [bulakbay\\_zhannat@mail.ru](mailto:bulakbay_zhannat@mail.ru)

### Аңдатпа

Мақала университетке түсу барысындағы қабылдау емтихандары студенттердің білімі мен қабілетін бағалаудағы құрал ретінде талқылауға назар аударылған. Аталған мақаланың мақсаты – университетке түсу барысындағы студенттерді іріктеудің тиімділігін бағалайды. Мақалада Қазақстан жоғары оқу орындарына түсу емтиханының басты кезеңдері мен ерекшеліктері талданады. Сонымен бірге қабылдау емтихандарының әртүрі аспектілері, мақсаты, нысаны мен мазмұны қарастырылады. Авторлар студенттерді іріктеу барысындағы бірыңғай ұлттық тестілеудің кемшіліктері мен артықшылықтарын, мүмкіндіктері мен жетілдіру жолдарын талдайды. Шетелдік тәжірибедегі қабылдау емтихандарына салыстырмалы талдау ұсынылады. Оқуға қабылдау емтиханын реформалаудың басты бағыттары анықталып, тұрақсыздық кезеңдегі мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар беріледі. Көптеген зерттеулерге сүйене келе, авторлар қабылдау емтиханы оқу орнына түсудегі мектеп түлектерінің академиялық қабілеті мен потенциалын анықтаудағы шешуші фактор екенін көрсетеді. Дегенмен де авторлар аталған емтихандардың толыққанды студент қабілетін айқындамауы да мүмкін деген шешімге келеді. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде ұлттық бірыңғай тестілеу студенттерді қабылдауда маңызды құрал болғанымен, оның нысаны мен өткізу әдісін тұрақты түрде жетілдіріп отыру университетке келіп түсетін білім алушылардың шынайы және әділетті түрде қабылдануын қамтамасыз етілуіне негізделуі керек деген оймен тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** білім беру жүйесі, жоғары оқу орындары, Ұлттық бірыңғай тестілеу, қабылдау емтиханы, реформалау, қаржыландыру.

## ЕДИНОЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ТЕСТИРОВАНИЕ: ПУТЬ К ВЫСШЕМУ ОБРАЗОВАНИЮ

**М. Замирбеккызы\*, Ж.М. Булакбай**

Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана  
[zamirbekkyzy\\_m@cpi.nis.edu.kz](mailto:zamirbekkyzy_m@cpi.nis.edu.kz), [bulakbay\\_zhannat@mail.ru](mailto:bulakbay_zhannat@mail.ru)

### Аннотация

Статья посвящена обсуждению вступительных экзаменов как средства оценки знаний и способностей абитуриентов при поступлении в университеты. Цель статьи - оценить эффективность единого национального тестирования. В статье анализируются основные этапы и особенности системы вступительных экзаменов в высшие учебные заведения Казахстана. Рассматриваются различные аспекты вступительных экзаменов, включая их цели, форматы и содержание. Авторы обсуждают недостатки и преимущества, возможности и пути совершенствования организации единого национального тестирования. Представлена сравнительная характеристика зарубежных систем вступительных экзаменов. Выявляются основные направления реформирования системы вступительных экзаменов, предлагаются возможные пути решения обозначенных проблем в эпоху турбулентности. Основываясь на многочисленных исследованиях, авторы отмечают, что вступительные экзамены могут быть решающим фактором приема в университет, поскольку позволяют объективно оценить академические способности и потенциал абитуриентов. При этом отмечается, что вступительные экзамены могут не отражать истинных способностей и потенциала студентов. Авторы делают вывод, что единое национальное тестирование является важным инструментом в отборе студентов, но есть необходимость постоянного совершенствования форматов и методов его проведения, чтобы обеспечить более справедливый и достоверный отбор претендентов.

**Ключевые слова:** система образования, высшие учебные заведения, Единое национальное тестирование, вступительный экзамен, реформирование, финансирование.

## UNIFIED NATIONAL TESTING: PATHWAY TO HIGHER EDUCATION

**M. Zamirbekkyzy\*, Zh.M. Bulakbay**

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan  
Email\*: [zamirbekkyzy\\_m@cpi.nis.edu.kz](mailto:zamirbekkyzy_m@cpi.nis.edu.kz), [bulakbay\\_zhannat@mail.ru](mailto:bulakbay_zhannat@mail.ru)

### Abstract

The article is devoted to the discussion of entrance exams as a means of assessing the knowledge and abilities of applicants for admission to universities. The purpose of the article is to evaluate the effectiveness of the unified national testing. The article analyzes the main stages and features of the system of entrance examinations to higher educational institutions of Kazakhstan. Various aspects of entrance exams are considered, including their goals, formats and content. The authors discuss the disadvantages and advantages, opportunities and ways to improve the organization of unified national testing. The comparative characteristics of foreign systems of entrance examinations are presented. The main directions of reforming the system of entrance examinations are identified, possible ways of solving the identified problems in the era of turbulence are proposed. Based on numerous studies, the authors note that entrance exams can be a decisive factor in university admission, since they allow an objective assessment of the academic abilities and potential of applicants. At the same time, it is noted that entrance exams may not reflect the true abilities and potential of students. The authors conclude that the unified national testing is an important tool in the selection of students, but there is a need to constantly improve the formats and methods of its implementation in order to ensure a more fair and reliable selection of applicants.

**Key words:** education system, higher education institutions, Unified national testing, entrance exam, reforms, funding.

### Кіріспе

Қазіргі таңдағы экономикалық тұрақсыздық жағдайында әрбір мемлекеттің алдында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізі ретінде жоғары білім жүйесін жаңғырту бойынша жаңа міндет қойылған. Жаһандану мен ақпараттандыру ғасыры білім беру жүйесінің барлық салаларында «өмір бойы білім алу» қағидаты негізін қалыптастыру үшін білім алушылардың бойында құзыреттіліктерді дамытуға бет алуы керек. Бұл өз кезегінде адамның бойындағы дағдыларды дамытуды тек бастауыш білім беруден бастап жоғары білімге дейін ғана жалғастырып қоймай, сонымен бірге тұрақты дағдыларды дамыту үлгісін балабақшадан бастап зейнет жасына шыққанға дейін жалғастыруды қажет етеді [1]. Бұл мақсатта жоғары оқу орындарына қабылдану емтиханы елдегі жоғары білімге деген әділетті түрде қолжетімділікті қамтамсыз ететін маңызды құралдардың бірі болуы тиіс.

Шетел тәжірибесінде қабылдау емтиханы жоғары оқу орындары талаптарына сәйкес үміткерлердің білімі мен дағдысын тексеру арқылы оқуын жалғастыра алу мүмкіндігін тексеруге негізделеді. Дегенмен де қабылдау емтиханы оқуға түсу барысындағы маңызды кезеңнің бірі болып табылғанымен, әлі де сарапшылардың арасында талқылануда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1 б. 56- тармағында Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны ретінде анықтама берілген [2].

Қазақстандағы орта білім беру жүйесі 2021 жылдан бастап орта білім беру мектептеріндегі барлық сыныптарда толығымен жаңартылған мазмұнға көшкенімен, ҰБТ

тапсыру барысында ескі үлгінің негізінде жоғары оқу орындарына қабылдау жүргізіліп келетіндігіне назар аударады. Сонымен бірге тестілеудің әлсіз нәтижелілігі мен жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар болмауы секілді мәселелердің туындауына байланысты ҰБТ үлгісін жаңарту қажеттілігі мақалада қарастырылады.

Аталған мақалада Қазақстанның жоғары оқу орындарына қабылдау барысында қолданылатын қабылдау емтиханының заманауи талаптарға сәйкес функционалдық сауаттылық дағдылары мен критериалды бағалау негізінде жаңғырту арқылы қазақстандық үлгідегі емтихан нысанын құру қажеттілігі талқыланады.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақалада Қазақстандағы ҰБТ жүйесінің заманауи білім беру талаптарына сәйкес жоғары оқу орындарына қабылдау барысындағы келесі сұрақтар қарастырылады:

1. Жоғары оқу орындарына қабылдау емтиханына реформалауды қандай бағытта жүргізу керек?

2. Қабылдау емтиханының көмегімен үміткерлердің білімі мен дағдысын қалай бағалауға болады?

Зерттеу жұмысы барысында гипотеза ретінде қабылдау емтиханының жоғары оқу орнына үміткерлерді қабылдау барысындағы ең тиімді іріктеу құралы болып табылғандықтан, оның тиімділігі емтиханды өткізу нысанын оңтайландыру мен үміткерлердің дайындығын жақсарту арқылы жаңғыртуға болады деп қарастырылады. Осы гипотеза арқылы жоғары оқу орындарына қабылдау барысындағы ҰБТ тиімділігін арттыру үшін шетелдік қабылдау емтихандарына салыстырмалы талдау жүргізе отыра, қабылдау емтиханына реформалауды жүргізу қажеттілігі туындағанын көрсетеді. Академиялық жетістікті талдау барысында табыстылыққа жетудің басты көрсеткіштерін болжау күрделілік танытатындығы белгілі. Жоғары оқу орындары жоғары ұпаймен оқуға түскен үміткерлерді қабылдауға қызығушылық танытқанымен, келешекте білім алушының табысты болатындығын анықтамайтындығы да байқалады. Бұл көрсеткіш еңбек нарығында білім алушының өз орнын тапқан кезде ғана мемлекеттік қаржыландырудың тиімді жұмсалғанын көрсетеді. Сонымен бірге білім беру жүйесінің барлық сатысын өту арқылы еңбек нарығына сәйкес икемделетін маманды даярлау барысында қандай білім мен дағдыны дамытудың сабақтастығына назар аудару керек. Бұл өз кезегінде жоғары білім жүйесіндегі оқу орындарға қабылдану барысындағы емтихан үлгісіне халықаралық стандарттар негізінде өзгерістер енгізу арқылы жаңғыртудың қажеттілігін көрсетеді.

ҰБТ салыстырмалы түрде құрылғанына аз уақыт өткеніне байланысты, зерттеу үшін эмпирикалық базаны құру әзірше жеткіліксіз. Сол себепті мақаланы жазу барысында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (бұдан әрі – ЭЫДҰ) ұсынған ұсыныстар мен талдаулардың негізінде шетелдегі және жақын орналасқан мемлекеттердің жоғары оқу орындарына қабылдау барысында қолданылатын қабылдау емтихандарының ерекшеліктеріне шолу жасалынды.

### **Әдеби шолу**

Жоғары оқу орындарына түсу емтихандары жөнінде бірнеше зерттеулер болғанымен, олар жеке мемлекетпен қолданатын емтихан түріне бағытталып сапалық зерттеу түрі ретінде қолданылады. Сол себептен де толығымен зерттеліп отыратын тақырып бойынша жалпы сипаттама беруге мүмкіндік береді. Левин (1998) білім беру жүйесіндегі реформаны саяси эпидемия түрінде қарастырған болатын [3, 131]. Бұл теңестіру арқылы қазір мемлекеттің

экономикалық өсуі мен дамуына ұлттық білім беру жүйесін орнықтыру арқылы жетуге мүмкіндік болатындығын меңзейді. Қазақстандық білім беру жүйесін құру негізінде «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаның негізгі мақсаты барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыруға негізделеді [4]. Осы кезекте білім сапасын анықтау үшін қолданатын әртүрлі емтихан түрлерін қолданудың тарихы, артықшылықтары мен кемшіліктері туралы отандық және шетелдегі әрбір мемлекеттің өз ұлттық білім беру жүйесін талдау бойынша зерттеулер сирек кездеседі.

Қазақстанда жоғары оқу орындарына түсу барысында қолданылатын ҰБТ артықшылықтары мен даму тұстарын (Винтер және өзгелері, 2014) атап көрсетіп, тест тапсырмаларының білу деңгейіне бағытталатынына тоқталып өтеді [5, 106]. Аталған пікірді Жұмабаева Ж. (2016) орта білімнің жаңартылған мазмұнға көшуіне байланысты ҰБТ әлі де жаңғыртуды қажет екендігін атап өтеді [6]. Ядрова С. (2012) ҰБТ барысында математика пәнінен келетін тапсырмалардың теорияның негізінде тәжірибе қолдану алу дағдысына бағытталады деген пікірге келеді [7].

ЭЫДҰ жоғары білім бойынша баяндамасында ҰБТ екі тәуелсіз бағалау жүйесімен ауыстыру ұсынылады. Бірінші бағалау жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып мектеп оқушыларының қорытынды аттестаттауы болса, екіншісі жаңартылған білім беруге негізделген жоғары оқу орындарына қабылдау барысында қолданылатын қабылдау емтиханы болуы керек. Сонымен бірге қабылдау емтиханының бұл түрі АҚШ әртүрлі топтардағы оқушылардың академиялық қабілетін тексеруге арналған «SAT» тестілеуіне ұқсас болуы керек деген ұсыныс беріледі [8].

ЭЫДҰ 2018 жылғы «Білім беру саясатының басымдықтары. Елдің бейіні: Қазақстан» шолуында ҰБТ «инновациялық ойлау мен мәселелерді шешудегі жоғары дәрежедегі ойлау дағдыларына бағытталған тапсырмалардың болуына» назар аударады [9].

ЭЫДҰ (2020) шолу негізінде құзыреттілік оқыту мен критериалды бағалау қағидастарына негізделген оқу бағдарламасымен қарастырылған ұлттық бағалау жүйесін әзірлеу ұсынылған болатын. Бұл өз кезегінде ҰБТ тестілеу нәтижелерінің әлсіз болуы, тест тапсырмаларының сенімсіздігі жоғары дәрежелі деңгейдегі тапсырмалардың болмауы секілді мәселелерді айқындайды [10].

Шетелдің озық тәжірибесі ретінде қарастырылатын АҚШ кеңінен қолданатын SAT және ACT екі емтихан түрі де абитуриенттің пәндік білімі мен оқуға деген қабілетін бағалайтындығына назар аудартады. Бұл өз кезегінде АҚШ стандартталған емтиханның жүргізу тәжірибесі мен оның сенімділігіне күмән туғызбайтындығын көрсетеді. Бұл SAT және ACT нәтижелері сенімділігін талдаудағы басты ыңғай ретінде тест нәтижелері мен студенттің жоғары оқу орнындағы үлгерім көрсеткіші арасындағы сызықтық тәуелділікті Пирсон корреляциясының коэффициенті шамасы немесе регрессиялық үлгілердің көмегімен есептеу арқылы анықтау болып табылады деп көрсетеді.

Паттерсон мен Маттерннің (2011) зерттеулері бойынша SAT және ACT бірдей деңгейі оқуға түсу емтиханы мен оқу орындағы үлгерім арасындағы ұзақ уақыт аралығындағы ұпай арасындағы байланыс тұрақты болып келетіндігіне тоқталады. Олардың көзқарасы бойынша оқу орындағы 1-курс нәтижесіндегі үлгерім басқа курстардан кейінгі қорытынды емтиханды тапсыруға ықпал ететіндігін көрсетеді [11]. АҚШ оқыту нәтижесі бойынша қолданылатын тестілеу тұтастай бағдарлама бойынша нәтижелілігін бағалау мен арнайы «қазір және осы жердегі» кәсіби дайындығын бағалау үшін қолданылады. Осылайша, аталған екі тест түрін қолдану абитуриенттің дайындығын жан жақты бағалауға мүмкіндік беретіндігін көрсетеді. Кейбір зерттеулер мектептегі жетістіктер мен оқу орнына түсу барысындағы жетістіктер бір – біріне қайшы болып келеді деп те көрсетеді.

Л. Кронбах тестілеу негіздері кітабында «Білімді тестілеу – білім алушы мен оқытушы жұмысының сапасын тестілеу арқылы абитуриент алатын білімнің табысты болатындығын зерттеу үшін, ал қабілет тесті абитуриенттің болашақта жетістікке жетелеуді болжауға мүмкіндік беретіндігімен келіскен жөн» деп қарастырады [12].

Вильдман И.А. (2020), одақ құрамында болған мемлекеттер 2000 жылдан кейін (Беларусь, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан) орталықтандырылған бірыңғай тестілеу түрлері арқылы оқу орындарына қабылдау жүзеге асырғанына тоқталып өтеді [13, 8]. Аталған зерттеудің негізінде В.А. Болотов және өзгелері (2020) монографияда одақтас елдердің арасында ұлттық емтиханды енгізудің басты мақсаты әлеуметтік жағдайы осал отбасылардан шыққан және ауылдық мекендерде білім алатын мектеп түлектеріне жоғары білімнің қолжетімді болуын және жоғары деңгейдегі жемқорлықты болдырмау негізінде өткізілетіндігіне салыстырмалы талдау жүргізді. Авторлардың пікірінше аталған елдердегі бағалау жүйесінің дамуы бойынша қадам жасалатындығына негізделеді [14].

Оқуға түсу емтихандарын саралау әдебиеттерінде көбінесе қолданылатын емтихан түріне байланысты академиялық білім және оқуға деген қабілетті анықтауға бағытталуы керектігіне назар аударады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсу тарихы өз бастауын Кеңес Одағы барысында басталып, тәуелсіздік алған жылдардан кейін де жалғасын тапқан болатын. Кеңес Одағы барысында Қазақстандағы оқу орындарына түсу мемлекетпен орталықтандырылған жүйе ретінде университеттердегі орын саны мен квоталарды бөлу ретінде жүзеге асып, мемлекеттік тестілеу негізінде жүзеге асырылды.

Әлемдік тәжірибеде жоғары оқу орнына түсу барысында ұлттық емтиханды ұйымдастыруда мектепті аяқтағаны және оқу орнына түсу емтихандарының бірлескен үлгісі мен екі емтихан түрінің бір – біріне тәуелсіз бөліп өткізу секілді екі үлгісі қолданылып келеді. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсу барысында аталған екі үлгінің біріншісі 2004 – 2016 жылдары қолданса, екінші үлгіні 2017 жылдан бастап қазіргі таңға дейін қолданып келеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бастап жоғары оқу орындарына түсу жүйесіне өзгерістер енгізе бастады. 1995 жылы ұлттық тестілеу жүйесі енгізілген болса, 2003 жылды білім беру жүйесіне енгізілген реформалардың нәтижесінде 2004 жылдан бастап ҰБТ жүйесі жүзеге асырылуда.

ҰБТ өткізу барысындағы нормативті-құқықтық базаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтары құрайды.

2022-2023 оқу жылындағы Қазақстандағы жоғары білім мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді көрсететін оқу орындарының саны - 116, оның ішіндегі мемлекеттік үлгіде - 25,9%, жеке - 72,4%, шетел меншігінде - 1,7% табылады. Студенттер саны - 578,2 мың адам, күндізгі бөлімде - 98,5%, сырттай - 0,7%, кешкі бөлімде - 0,8% білім алады. Мемлекеттік грант есебінде 213,4 мың (36,9%) адам, ақылы бөлімде - 364,9 мың (63,1%) білім алуда. Дайындау бағыттары бойынша қабылданған студенттер үлесі суретте берілген (1 сурет).



1– сурет. 2022-2023 оқу жылындағы Қазақстандағы дайындау бағыттары бойынша қабылданған студенттердің үлесі, %

Суреттегі мәлімет негізінде педагогикалық ғылым бағытына қабылданған студенттердің үлесі қалған дайындық бағыттарымен салыстырғанда жоғары екендігі байқалады. Демографиялық тұрғыдан Қазақстандағы бала туу санының жылдан жылға артуына байланысты келешекте білім беру жүйесінің барлық сатысында мамандар тапшылығы туындауына байланысты мемлекетпен білім беру гранты артуына алып келді. Дегенмен де қабылдау емтиханы негізінде оқу орнына қабылданған азаматтардың болашақтағы білім саласында қызмет ететін маман ретінде және ұлттық қауіпсіздікті сақтау мақсатында білімі мен дағдысына, оның дайындығына ерекше назар аударылуы да керек.

Қазақстанда жоғары оқу орындарына қабылдау барысында ҰБТ жалпы балы мен компоненттері бойынша балы, ІВ дипломы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» филиалдарының сертификаты, SAT және A – level сертификаттары, аттестатқа қосымша (оқу орнының бағыттары бойынша бейін пәндер бойынша балы), педагогикалық мамандықтар үшін мотивациялық хат, шығармашылық пәндер үшін жұмыстардың портфолиосы, медициналық мамандықтар үшін келесі пәндер (химия, биология, математика) бойынша нәтижелерін талап етуі мүмкін.

Қазақстандағы дербес білім беретін жоғары оқу орны деп саналатын Назарбаев университетінде ҚР «Білім беру туралы» заңында аталып өткен жоғары оқу орнына түсуге арналған емтихандармен қатар, университетте білім алуға академиялық дайындығын бағалайтын NUET тесті жүргізіледі. Тест математика мен сыни тұрғыдан ойлау/мәселелерді шешу секілді 2 пән бөлігінен тұрады. Берілген 60 сұрақтан кем дегенде жалпы алғанда 130 ұпай (әрбірінен кем дегенде 60 төмен емес) жинау қажет.

ҰБТ даму тарихы негізінде 2004-2016 жылдар аралығында қорытынды аттестаттау мен оқу орнына түсуге арналған емтихан болса, 2017 жылдан бастап тек жоғары оқу орнына түсу емтиханы ретінде қарастырылады (1 - кесте).

Кесте мәліметтері негізінде ҰБТ даму барысында ЭЫДҰ ұсыныстары мен сол уақыттағы заман талабына сәйкес бірнеше өзгерістер енгізілгені байқалады.

**1 -кесте. ҰБТ даму кезеңдері**

Жыл дар	Пәндер		Тапсыр ма саны	Ұпай саны	Тапсыру тілі	Уақыт ы	Енгізілген өзгерістер
	Міндетті	Таңдау					
2004 - 2007	Ана тілі (қазақ тілі немесе орыс тілі)  Қазақстан тарихы  Математика	Физика, Химия, Биология, География, Дүниежүзі тарихы, Қазақ/орыс әдебиеті, Ағылшын/Неміс/Фран цуз тілдері (бір пән таңдалынады)	30	120	Қазақ, орыс	3 сағат	
2008 - 2016	Ана тілі (қазақ тілі немесе орыс тілі)  Қазақстан тарихы  Математика	Физика, Химия, Биология, География, Дүниежүзі тарихы, Қазақ/орыс әдебиеті, Ағылшын/Неміс/ Француз тілдері (бір пән таңдалынады)	25	125	Қазақ, орыс	3,5 сағат	тапсыру пәндері санының артуы
2017 - 2020	Математика сауаттылығы  Оқу сауаттылығы  Қазақстан тарихы	Келесі комбинация барысында пәндер таңдап алынады: Математика және физика, Математика және география, Тарих және география, Биология және химия, Биология және география, Шетел тілі мен тарих, Оқыту тілі, әдебиет (қазақ немесе орыс тілі) және тарих, География және шетел тілі, Химия және физика, Тарих және құқық негіздері, Шығармашылық емтихан.	Міндетті пәндер -20 Таңдау пәндері -30	140	Қазақ, орыс, ағылшын	3 сағат 50 минут	тестілеу барысында PISA және TIMSS халықаралық зерттеулерінің есебімен сұрақтарда бірнеше жауабы бар нұсқалармен толықтырылуы; жоғары білімге қолжетімділікті арттыру мақсатында ҰБТ тапсыру мүмкіндігінің саны жылына төрт рет тапсыруға мүмкіндік берілуі.
2021 жыл дан баст ап	Математика сауаттылығы  Оқу сауаттылығы	Келесі комбинация барысында пәндер таңдап алынады: Математика және физика, Математика және география, Биология және химия, Биология және	Міндетті пәндер: Матема тика және Қазақст ан	140	Қазақ, орыс, ағылшын	4 сағат	Компьютерлік тестілеу арқылы өткізу; «Алтын белгіге» үміткер кандидаттарды ң «Алгебра

	Қазақстан тарихы	география, Шетел тілі мен дүниежүзі тарихы, Оқыту тілі, әдебиет (қазақ немесе орыс тілі) және тарих, География және шетел тілі, Шетел тілі және дүниежүзі тарихы, Дүниежүзі тарихы және география, Химия және физика, Дүниежүзі тарихы және құқық негіздері, Шығармашылық емтихан.	тарихы -15, оқу сауаттылығы - 20 Таңдау пәндерінде әрқайсысында 35			және талдау бастамалары» пәнін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдары базасында тапсыру.
--	------------------	--	--	--	--	---

Қазіргі таңда 2021 жылдан бастап ҚР БҒМ жоғары білім департаменті ҰБТ ұйымдастыру мен өткізуге жауапты ұйым ретінде қабылданды. Үміткерлер үшін міндетті тапсыру пәндері ретінде математика, Қазақстан тарихы, қазақ немесе орыс тілі (Т1), қазақ немесе орыс тілі (Т2) және таңдау пәндері ретінде 9 пәннен 1 пән таңдалынады. ҰБТ бағалау нысаны ретінде 2004 жылы мектеп түлектерінің пәндік білімі, 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін мектеп түлектерінің пәндік білімімен бірге функционалдық сауаттылығы (оқу және математика) бағаланған болатын.

Қаржыландыру тұрғысынан 2021 жылдан бастап ҰБТ компьютерлік форматта тапсыруға мемлекеттік бюджеттен 400 миллион теңге жұмсалынды. Қағаз форматында тапсыру барысында 2021 жылға дейін тікелей және жанама шығындарға бір миллиард теңге қаражат жұмылдырылған болатын. Бұл өз кезегінде жаңа үлгіге өту барысында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде капиталдық шығынның артуына байланысты қаражат артқанымен, кейінгі жылдары төмендей бастайды. Келер жылдардан бастап жұмысшы жүйені қолдау мен коммуникацияға төлемді қамтуға ғана қаражат жұмылдырылатын болады.

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрі С. Нұрбек ҰБТ келешекте үміткердің жүйелі түрде дайындығын анықтайтын функционалдық сауаттылығына негізделетін тестілеудің қажет екендігін атап өтті [15]. Бұл білім беру жүйесінің барлық сатысында білім алушы бойында функционалдық сауаттылық деңгейін жүйелі түрде қалыптастыру арқылы дамытуға негізделуі керек.

*Халықаралық зерттеулердің нәтижесі.* PISA – 2018 қорытындысы бойынша Топ-10 ел қатарында Қытай, Сингапур, Макао, Гонконг, Эстония, Оңтүстік Корея, Канада, Тайвань, Финляндия елдері басымдық танытады. Аталған тестілеу нәтижесі өз кезегінде білім беру саласының сапасын арттыруда өзінің артықшылықтарын беретіні сөзсіз. Мысалға, Қытайда кеңінен қолданылатын қабылдау емтиханының тарихында жылдар өткен сайын әртүрлі реформалауға ұшырағанын көрсетеді. Оны халықаралық PISA зерттеу нәтижесінде тек жекелеген өңірлердегі оқушылар функционалдық сауаттылығының жоғары екендігінен байқауға болады.

Дегенмен де Қазақстанның барлық аумағында оқушылар функционалдық сауаттылығын анықтау жүргізілмегендіктен, көптеген елдердің 15 жастағы оқушыларымен салыстырғандағы мүмкіндіктерінің төмен болу нәтижесін көрсетеді. Осы орайда, орта білім беру жүйесінің мазмұнын жаңғырту барысында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы «Педагогикалық Өлшеулер Орталығы» филиалымен өткізілетін




оқушылардың функционалдық деңгейін анықтаудың тестілеуін республикалық деңгейде өткізуді қарастырған жөн. Бұл оқушылардың математикалық, оқу және жаратылыстану сауаттылығы бойынша тұрақты түрде тексеру арқылы жоғары оқу орындарында қабылданатын емтиханға дайындалуына негіз болады.

Адамның өз білімін болашақта қолдана алу бойынша зерттеуді ЭЫДҰ Халықаралық PISA тестілеуі арқылы 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауды жүзеге асырады. Қазақстан 2009 жылдан бастап зерттеуге қатысқанымен әлемнің басқа елдерімен салыстырғанда төмен нәтиже көрсететінін анықтауға болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін қалыптастыру оқу мен оқытудың сапасын арттыруға, оқыту барысында қолданылатын тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде орта білім беру жүйесі негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау, жоғары оқу орындарына қабылдану барысындағы ҰБТ жаңа үлгісіндегі сабақтастықты қамтитын болады.

PISA 2009, 2012, 2018 жылдардағы мәлімет негізінде қазақстандық оқушылардың ЭЫДҰ елдері мен бұрыңғы Кеңес одағы құрамында болған Ресей, Латвия, Литва, Украина, Әзірбайжан, Беларус мемлекеттерімен салыстырғанда әлі де даму қажеттілігі қарастырылады. 2018 жылдың нәтижесі бойынша барлық бағыттар бойынша көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда төмен (2- сурет).



**2- сурет.** Қазақстандық оқушылардың халықаралық PISA зерттеулеріне қатысу нәтижесі

*Халықаралық тәжірибе.* Халықаралық тәжірибеде жоғары оқу орындарына түсу емтихандарының басты мақсаты – студенттердің өздері таңдаған мамандық бойынша оқудағы сенімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Стандартты түрдегі оқуға түсу емтихандары ретінде АҚШ-дағы SAT, ACT және Еуропа елдеріндегі Matura кеңінен қолданылып келеді. Ол үшін студенттердің алғашқы дайындығы, яғни қажетті білім мен дағдыларының бар жоқтығы және оның потенциалы арқылы әрі қарай оқыту барысындағы мүмкіндіктері алдын ала тексеріледі. Өлшеу құралдары ретінде қабілетін анықтау тесті мен жетістіктер тесті жүзеге асырылады.

Ұлыбритания тәжірибесінде емтихан (A-level) тапсырудың алдында бірнеше ай бұрын берілген өтініш негізінде университеттер қарастырады. Өткен емтихандар (GCSE) нәтижесі мен кейбір факультеттермен әңгімелесу нәтижесінде қабылдау жүргізіледі.

Австралия жоғары оқу орындарына түсу барысында STAT, UMAT, GAT тестілеу түрлерін тапсырады.

АҚШ және Канада тәжірибесінде белгілі бір мамандыққа емес, жалпы алғанда университетке қабылданады. SAT, ACT, Advanced Placement (AP) нәтижелері, мектептегі

орташа балы, әңгімелесуге өтініш беру секілді критерийлер таңдап алынады. SAT Reasoning test (Академиялық бағалау тесті) - College Board коммерциялық емес ұйымымен әзірленіп дайындалады. ACT (American College Testing) - ағылшын тілі, оқу, математика және ғылыми талқылаудан тұрады [16].

Италия тәжірибесінде университетке түсу алдында оқуды аяқтау емтиханын тапсырады. Университеттер мамандықтар түрлері бойынша қабылдау барысында дербес болады.

Ресей тәжірибесінде мектеп түлектері орыс тілі және математика пәндерінен екі міндетті емтиханды тапсырады. Жоғары оқу орындарына түсу барысында әрбір мамандық бойынша үш немесе бес пәннен тапсырады.

Қытай тәжірибесінде «гаокао» деп аталатын жалпы қытайлық мемлекеттік емтиханында 3+1 жүйесі ретінде 3 пән қытай тілі, математика, шетел тілі (ағылшын, жапон, орыс немесе француз) міндетті түрде тапсырылса, физика, химия, биология, технология пәндері және гуманитарлық пәндер тобынан тарих, география және саясаттану тапсырылады. Гаокао емтиханы Ресейдің бірыңғай мемлекеттік емтиханына ұқсас болып келеді, емтихан қорытындысы бойынша оқу орнына кандидаттар қабылданады. Гаокао қазіргі күнге дейін білім алушылар үшін күрделі болуына байланысты сынға алынып отырады [17].

Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарына түсу емтиханына реформалау жүргізуді қажет етеді. Ол өз кезегінде мектеп түлектерінің оқу орнын таңдау барысында әртүрлі нұсқалар арқылы білім алуына мүмкіндік береді (2 - кесте).

## 2 - кесте. SAT, ACT, жаңартылған ҰБТ үлгісін салыстырмалы талдау

Тест түрі	Бөлімдер			
SAT	Мәтінді талдау	Математика	Эссе (таңдауы бойынша)	Ғылым
ACT	Оқу	Математика	Ағылшын тілі	Ғылым
ҰБТ	Қазақстан тарихы	Математикалық талдау	Сыни тұрғыдан ойлау	Таңдау пәндері (x2)

Қазіргі таңдағы қолданыстағы ҰБТ үлгісімен ынталандырылатын жаттанды білім оқу мен оқытуға кері ықпалын тигізеді. Сол себептен де жаңартылған ҰБТ үлгісін құру барысында үш бөлім бойынша дайындалған жоғары деңгейдегі тапсырмалармен бағаланатын дағдылар оқу мен оқытудағы тәжірибеге оң ықпалын тигізетіні айқын. Тест тапсырмаларын құрастыру барысы жыл сайын ауқымды қаражатты қажет етуіне байланысты, әртүрлі нұсқаларды дайындау барысында күрделілігі тұрғысынан қиындық туындамауы үшін қазірден бастап сұрақтарды қайта құрылымдауға бағыттау керек. Сонымен бірге жоғары білім жүйесінде «Педагогика бағыты» бойынша гранттар санының артуына сәйкес, педагогикалық өлшеулерге де назар аударылуы керек.

Осы негізде ұсынылатын ҰБТ жаңа үлгісінде таңдап алынған бағыттар келесі дағдыларды тексереді.

1. Қазақстан тарихы - тарихи құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау мен жүйелендіру қабілеті.
2. Сыни ойлау - күрделі әдеби және ақпараттық мәтіндерді оқу мен талдау арқылы өз ойын білдіру және дәлелдер келтіру қабілеті.
3. Математикалық талдау - математиканы түсіну, жоғары ойлау дағдыларға негізделген тапсырмаларды шешу барысында қолдану дағдысы.

4. Таңдау пәндері (үміткермен таңдалынады) - математика, физика, биология, химия, география, дүниежүзі тарихы, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, орыс тілі, орыс әдебиеті мен информатика бойынша пәндер бойынша білімі мен дағдысы.

ҰБТ жаңартылған үлгісі SAT және АСТ тест үлгілерімен салыстыра келе, мәтінді талдау мен оқу бағыттары сыни ойлауға, эссе және ағылшын тілі бағыттарын Қазақстан тарихына, екі тест үлгісіндегі ғылым бағытын таңдау пәндері арқылы (қазір және осы сәттегі» кәсіби дайындығын тексеруге мүмкіндік береді. Бұл үміткер дайындығын аталған үш тест үлгісі негізінде жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

### **Қорытынды**

Қазақстандағы Білім және ғылым министрлігінің бөлінуіне байланысты қазіргі таңдағы Ғылым және жоғары білім министрлігінің алдында жоғары оқу орындарына қабылдаудың емтихан нысанын өзгерту бойынша жұмыстар атқарыла бастады. Дегенмен де жоғары білімнің қалай өзгеретіндігі әлі де ашық болып қала береді.

ҰБТ ұйымдастыру мен өткізуге SWOT-талдау жүргізу нәтижесі арқылы жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларына арналған тапсырмалар оқыту мен оқудағы тәжірибені жақсартуда оң ықпалын тигізгендіктен тест тапсырмаларын жаңартуды қажет етеді.

ҰБТ ұйымдастыру барысындағы ұсыныстар төмендегілерді қамтуы керек:

- Бағалаудың сенімділігін арттыру үшін тест мазмұны мен тапсырмаларды құрастыруды қайта қарастыру;

- Халықаралық деңгейдегі тестология және психометрика бойынша мамандарды оқыту;

- Тапсырмаларға жоғары ойлау дағдыларын қамтитын тапсырмалар санын арттыру;

- Тест тапсырмаларының қорын жыл сайын жаңарту;

- Халықаралық талаптарға сәйкес қабылдау емтиханын басқарудың ыңғайларын қайта қарау;

- ҰБТ барлық сатысы бойынша нормативтік- құқықтық базаны жақсарту;

- Оқу бағдарламасының мазмұнына тапсырмалардың сәйкес болуын тексеру.

Зерттеу қазіргі таңдағы орта білім берудегі білім алушылармен алынған білім мен дағдыларды ескере отыра, қазіргі таңдағы әлеуметтік өзгерістер мен келешекте туындайтын жағдайларға сәйкес жоғары оқу орындарына қабылдау барысына өзгерістер енгізуге бағдарланады.

Қорытындылай келе, қабылдау емтиханы жоғары оқу орнына түсу барысындағы ажырамас бөлігі болып табылады. Дегенмен де оны өткізудегі максималды тиімділігін қамтамасыз етуде тұрақты түрде жақсарту мен оңтайландыруды қажет етеді. Бұл Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі білім беру сапасын шынайы бағалау мен түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1 OECD (2019) Skills Strategy 2019: Skills to shape a better future [Электронды ресурс]. – <https://dx.doi.org/10.1787/9789264313835-en>

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007) [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015173>

3 Levin B. (1998) An Epidemic of Education Policy: (What) Can We Learn from Each Other? // Comparative Education 34, no. 2: 131–41. <http://www.jstor.org/stable/3099797>

4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы (2021) [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

5 Winter L. et al. (2014) The culture and practice of assessment in Kazakhstan: The Unified National Test, past and present. Educational reform and internationalisation: The case of school reform in Kazakhstan : 106-132

- 6 Jumabayeva J. (2016) The key drivers of the Unified National Test in Kazakhstan: a critical analysis of its impact on school leavers // NUGSE Research in Education Journal. Volume 1. Issue 2. <https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/2088>
- 7 Ядрова С. В. (2012) Проблемы математической подготовки школьников в логике ЕНТ и пути их решения.
- 8 OECD (2007) Reviews of National Policies for Education: Higher Education in Kazakhstan 2007, OECD Publishing, 2007 [Электронды ресурс]. – <https://www.oecd.org/education/Education-Policy-Outlook-Country-Profile-Kazakhstan-2018.pdf>
- 9 OECD (2018) Education Policy Outlook Kazakhstan, [Электронды ресурс]. — <https://www.oecd.org/education/Education-Policy-Outlook-Country-Profile-Kazakhstan-2018.pdf>.
- 10 Atkinson R. C. (2009) The new SAT: A test at war with itself //annual meeting of the American Educational Research Association, San Diego, CA
- 11 Mattern K. D., Patterson B. F. (2011) The Relationship Between SAT® Scores and Retention to the Second Year: Replication with the 2009 SAT Validity Sample // New York: College Board. – Т. 2013.
- 12 Cronbach, L. J. (1949). Essentials of psychological testing. Harper
- 13 Вальдман И. А. (2020) Обзор ключевых особенностей национальных экзаменов в ряде стран СНГ // Качество образования в Евразии. – №. 7. – С. 8-18
- 14 Поступление в вузы в постсоветских странах: экзамены как инструмент решения государственных задач (2020): сост. и науч. ред. В. А. Болотов, И.А. Вальдман, Р. В. Горбовский ; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». — М. Изд. дом Высшей школы экономики— 168 с.
- 15 Формат сдачи ЕНТ хотят пересмотреть в Казахстане (2022) [Электронды ресурс]. — <https://kazpravda.kz/n/format-sdachi-ent-hotyat-peresmotret-v-kazahstane/>.
- 16 Zwick R. (2019) Assessment in American higher education: The role of admissions tests. The ANNALS of the American Academy of Political and Social Science. 683(1), 130-148
- 17 Li W., Tong J. (2023) Impact of the New College Entrance Examination Policy on Students' Access to Higher Education in Shanghai. EHSS 2023, 8, 310-318.

## References

- 1 OECD (2019) Skills Strategy 2019: Skills to shape a better future [Electronic resource]. – <https://dx.doi.org/10.1787/9789264313835-en>.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan "On education"] (2007) [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015173> [in Kazakh]
- 3 Levin B. (1998) An Epidemic of Education Policy: (What) Can We Learn from Each Other? // Comparative Education 34, no. 2 (1998): 131–41. <http://www.jstor.org/stable/3099797>.
- 4 Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2021 zhylygy 12 kazandagy № 726 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 12, 2021 No. 726] (2021) [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> [in Kazakh]
- 5 Winter L. et al. (2014) The culture and practice of assessment in Kazakhstan: The Unified National Test, past and present. Educational reform and internationalisation: The case of school reform in Kazakhstan: 106-132.
- 6 Jumabayeva J. (2016) The key drivers of the Unified National Test in Kazakhstan: a critical analysis of its impact on school leavers // NUGSE Research in Education Journal. Volume 1. Issue 2. <https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/2088>.
- 7 Yadrova S. V. (2012) Problemy matematicheskoy podgotovki shkol'nikov v logike ENT i puti ih resheniya [Problems of mathematical training of schoolchildren in the logic of the UNT and ways to solve them] [in Russ.]
- 8 OECD (2007) Reviews of National Policies for Education: Higher Education in Kazakhstan 2007, OECD Publishing, 2007, [Electronic resource].– [https://books.google.kz/books?id=Kyw39xS4LEkC&printsec=copyright&redir\\_esc=y#v=onepage&q&f=true](https://books.google.kz/books?id=Kyw39xS4LEkC&printsec=copyright&redir_esc=y#v=onepage&q&f=true).
- 9 OECD (2018) Education Policy Outlook Kazakhstan, [Electronic resource]. – <https://www.oecd.org/education/Education-Policy-Outlook-Country-Profile-Kazakhstan-2018.pdf>.
- 10 Atkinson R. C. (2009) The new SAT: A test at war with itself //annual meeting of the American Educational Research Association, San Diego, CA.
- 11 Mattern K. D., Patterson B. F. (2011) The Relationship Between SAT® Scores and Retention to the Second Year: Replication with the 2009 SAT Validity Sample //New York: College Board. – Т. 2013.
- 12 Cronbach L. J. (1949). Essentials of psychological testing. Harper.
- 13 Valdman I. A. (2020) Obzor klyuchevykh osobennostej nacional'nykh ekzamenov v ryade stran SNG. Kachestvo obrazovaniya v Evrazii [Overview of the key features of national examinations in a number of CIS countries. Quality of education in Eurasia] №. 7. P. 8-18. [in Russ.]

14 Postuplenie v vuzy v postsovetskih stranah: ekzameny kak instrument resheniya gosudarstvennyh zadach (2020): sost. i nauch. red. V. A. Bolotov, I.A. Valdman, R. V. Gorbovskii ; Nac. issled. un-t «Vysshaya shkola ekonomiki». — M. Izd. dom Vyssheı shkoly ekonomiki [Admission to universities in post-Soviet countries: exams as a tool for solving state problems (2020): comp. and scientific ed. V. A. Bolotov, I.A. Waldman, R. V. Gorbovsky; Nat. research university "Higher School of Economics". M. Publishing House of the Higher School of Economics. 168 p. [in Russ.]

15 Format sdachi ENT hotyat peresmotret' v Kazahstane (2022) [They want to revise the format of the UNT in Kazakhstan] [Electronic resource] <https://kazpravda.kz/n/format-sdachi-ent-hotyat-peresmotret-v-kazahstane/> [in Russ.]

16 Zwick R. (2019) Assessment in American higher education: The role of admissions tests. The ANNALS of the American Academy of Political and Social Science. 683(1), 130-148.

17 Li W., Tong, J. (2023) Impact of the New College Entrance Examination Policy on Students' Access to Higher Education in Shanghai. EHSS 2023, 8, 310-318.

#### АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**Зәмірбекқызы Маслихат** - корреспонденция үшін автор, 8D04114 «Қаржы» білім бағдарламасының 3 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, Астана, 010000, Сәтбаев көшесі, 2; [zamirbekkyzy\\_m@cpi.nis.edu.kz](mailto:zamirbekkyzy_m@cpi.nis.edu.kz)

**Бұлақбай Жанат Мұқанбетжанқызы** – экономика ғылымдарының кандидаты, доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, Астана, 010000, Сәтпаев 2, [bulakbay\\_zhannat@mail.ru](mailto:bulakbay_zhannat@mail.ru)

#### СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

**Зәмірбекқызы Маслихат** - автор для корреспонденции, докторант 3 курса специальности «8D04114 – «Финансы», Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева. Адрес: Казахстан, Астана, 010000, ул. Сатпаева 2; [zamirbekkyzy\\_m@cpi.nis.edu.kz](mailto:zamirbekkyzy_m@cpi.nis.edu.kz)

**Бұлақбай Жанат Мұқанбетжанқызы** - кандидат экономических наук, доцент Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева. Адрес: Казахстан, Астана, 010000, ул. Сатпаева 2; [bulakbay\\_zhannat@mail.ru](mailto:bulakbay_zhannat@mail.ru)

#### INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

**Maslikhat Zamirbekkyzy** - Corresponding author, The 3rd year Ph.D. student in Finance, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Address: Kazakhstan, Astana, 010000, 2 Satpayev Street; [zamirbekkyzy\\_m@cpi.nis.edu.kz](mailto:zamirbekkyzy_m@cpi.nis.edu.kz)

**Zhanat M. Bulakbay** - candidate of economic sciences, Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Address: Kazakhstan, Astana, 010000, 2 Satpayev Street; [bulakbay\\_zhannat@mail.ru](mailto:bulakbay_zhannat@mail.ru)

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Received 19.04.2023  
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted 05.06.2023